ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

19.06.2019г. № КВГА-13

**«Келика-Трейд» ӨК
директоры
В.А. Василюк**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 04.06.2019 жылғы № 45630 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3248883-1 «Түркістан облысы Сайрам ауданы Құтарыс ауылын электр желілерімен қамтамасыз ету құрылыс жұмыстары» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Ескертуінің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Алайда, камералдық бақылау барысында Сіздің конкурстық өтініміңізде жоғарыда аталған құрылыс объектілер бойынша тәжірибені растайтын құжаттардың толық электрондық көшірмелері салынбаған.

Камералдық бақылау барысында Сіздің арызыңыздағы «Электроремонт» ЖШС және «Нұрай-Ақжол РГ» ЖШС-ң жұмыс тәжірибелері бойынша дәлелдерінің расталды.

Конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидалар талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /подписано/ Ш. Шайназарова

Орын. Бөкейханов Ә.
Тел. 71-78-73